Тілегіміз – тату тірлік, мұратымыз – ауыз бірлік!

# ЕЛ ТІЛЕГІ

Газет 2007 жылғы 22 қарашадан шығады

gazeta_eltilegi@mail.ru

№45 (797) Сәрсенбі 9 қараша 2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТҚУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҚАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

http://www.qsip.kz/ http://www.instagram.com/eltilegigazeti http://www.facebook.com/eltilegigazeti

## УӘДЕ ОРЫНДАЛУЫМЕН ҚҰНДЫ

**Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақта 10 ай ішіндегі бюджеттің игерілу барысы мен еңбек көрсеткіштерін саралап, ел Президенті, Үкіметі, облыс әкімінің тапсырмаларын орындау бойынша бағдарлы жиын өткізді.**

Облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Нұрғали Қордабай өз баяндамасында жылдың 10 айында облыс бюджетінің игерілуі 99%-ды құрағанын мәлімдеді.

Бюджет қаражатын игеру бағытында Қызылорда облысы республикада екінші орында. Дегенмен, бөлінген қаржыны уақытылы игеруде бірқатар ауданда жұмыс баяу жүруде. Мәселен, Арал, Қармақшы, Жалағаш және Жаңақорған аудандары тиісті көрсеткішке толыққанды қол жеткізе алмауда. Ал басқармалар бойынша білім, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармалары тарапынан қаражат толық игерілмеген.

Аймақ басшысы мемлекеттің қаржысы өз мерзімінде әрі сапалы игерілуі керек екенін баса айтып, жұмысты уақытылы үйлестіре алмаған Қармақшы ауданы әкімі Әділбек Ерсұлтанов пен оның орынбасарына сөгіс жариялады. Өзге де аудан әкімдері мен бірқатар басқарма басшыларына ауызша ескерту берді. Бұл ретте қаржы саласына жауапты облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағановқа ескерту жасап, бюджет қаржысын мақсатты түрде игеру жұмыстарын бақылауға алуды, бірінші басшылардың жауапкершіліктерін қатаң қарауды тапсырды.

Тағы бір мәселе – 2021-2025 жылдарға арналған Қызылорда облысының даму жоспарын орындау. Стратегиялық көрсеткіштер картасында өңірге бекітілген 122 нысаналы индикатордың ішінде көрсеткіштердің орындалмай қалу қаупі бар 3 басқармаға тиісті ескерту жасалды.

Тарқатып айтқанда, ауыл шаруашылығы басқармасы шаруаларға қажетті техникаларды сатып алу жұмыстарын, денсаулық сақтау басқармасы ана мен бала өлімінің алдын алу, кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы өңірде орта кәсіпкерліктің үлесін көбейту жұмыстарын сапалы аяқтауы тиіс.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязовқа индикаторлардың уақытылы орындалуын қатаң бақылауды тапсырды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аталған басқарма басшыларына жұмысты әлі де ширату қажет екенін тағы бір еске салды.

Облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов облыс әкімінің хаттамалық тапсырмаларының орындалу барысы бойынша баяндама жасап, талдаулар ұсынды. Мәселен, Қызылорда қаласын көркейту-көгалдандыру бағытында қоқыс тасымалдайтын арнайы техникалар алу жұмыстары әлі де кешігуде. Сол жағалау аймағының көшелерін жарықтандыру бағаналарының қолды болғаны аймақ басшысының сынына ілікті. Көпқабатты тұрғын үйлердің жобалық құжаттамасын жасау жұмыстары уақытылы орындалмаған, аяқсумен қамтамасыз етуге қосымша құдықтар қазу тапсырмасы да өз деңгейінде атқарылмауда. Сонымен қатар облыс әкімі қала аумағында қатынайтын қоғамдық көліктерді сатып алу процестерінің баяу жүруін сынға алды. Осы кезге дейін алынуы тиіс 150 қоғамдық көліктің тек 60-ы ғана әкелінген. Бұған дейін де тапсырма ретінде берілген автовокзал салу жұмыстарына инвестор табу мәселесі де шешімін таппай тұр. Облыс әкімі өзекті мәселелерді өз уақытында орындай алмағаны үшін орынбасары Мархабат Жайымбетовке қатаң ескертіп, қала әкімі Асылбек Шәменовке, құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Төралиев пен энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Руслан Нұрмағанбетовке сөгіс жариялады.

– Мархабат Жайымбетұлы, сіз қаланың кураторы ретінде тапсырылған жұмыстың сапалы аяқталуына тікелей жауаптысыз! Аймақ басшысы болып келген сәттен бастап қоғамдық көлік жеткіліксіздігін алға тартып, қажетті қаражат та бөлдім. Содан бері 7 ай болды ғой, жұмысты үйлестіре алмай келесіздер. Халыққа уәде етілген мәселе уақытылы орындалуы керек. Қаржысы шешілген бойда нақты әрекет-амалдарын қарастыру сіздердің міндеттеріңіз. Өкінішке қарай, жұмыс көңіл көншітпейді. 20 қарашаға дейін кемшіліктеріңізді түзеп, нақты жұмыс істеңіздер, – деді Н.Нәлібаев орынбасары М.Жайымбетов пен қала әкімі А.Шәменовке.

Отырыста Байқоңыр қаласының мәселесі де шет қалмады. Мұнда 50 пәтерлі 5 тұрғын үй құрылысының жұмысы баяу жүргізілуде. Облыс әкімі тұрғын үйлерді салу іркіліссіз жүруі қажет екенін қаперге салып, өз орынбасары Қайрат Нұртай мен аудан әкімі Әділбек Ерсұлтановқа жұмыстың сапалы әрі уақытылы орындалуына баса мән беру керектігін тапсырды.

Нұрлыбек Нәлібаев ауылдық жердегі әкімдер, учаскелік инспекторлар мен мектеп директорларының сол аумақта тұруы міндетті екенін осы кезге дейін де айтқан. Облыс әкімі бұл талап халықтың өтініші негізінде ескерілгенін жеткізді. Дегенмен, аудан әкімдері тарапынан және тиісті мекеме, орган басшыларынан бұл тапсырма әлі күнге дейін толық орындалмауда. Мәселен, Сырдария, Жаңақорған, Шиелі аудандарындағы ауыл әкімдері өзі қызмет атқаратын аймағында тіркеліп қойғанымен, шын мәнінде, аудан орталығынан немесе келесі ауылдық округтен қатынап, жұмыс істейтіндігі анықталды.

– Президент тапсырмасы аясында ауыл-ауылдарды аралап, халықпен кездескен сайын үнемі тұрғындар ауыл әкімі мен учаскелік инспекторлардың жұмысына жиі шағым айтады. Оқыс оқиғалар орын алған сәтте, инспекторды да, ауыл әкімін де таппаймыз дейді. Мұның бәрі жұмысты қатынап істеудің салдарынан туындайды. Халықтың шынайы талаптілегін ескергеннен кейін мұндай тапсырма берілді. Бірақ, нәтиже жоқ. 20 қарашаға дейін тапсырма орындалмаса, аудан әкімдерінің жұмысы қатаң қаралып, тиісті шешімдер қабылданады. Біз халықтың өтінішін орындауға тиістіміз! Тұрғындар өз мәселесіне лайықты деңгейде жауап ала алмағандықтан, амалсыз әлеуметтік желіде мәселе көтереді. Реті келсе, заң аясында шешімін табуға ықпал жасап, халықпен сындарлы диалог орнатылуы керек.

Сіздерге қызмет сеніп тапсырылды, халық үшін атқаруға тиіс жұмыстарыңыз мүлтіксіз орындалуы қажет.

Шахмардан Асқарұлы, берілген тапсырмалардың уақытылы әрі сапалы орындалуына бақылау жасау – аппараттың тікелей міндеті. Жұмысты күшейтіңіздер!, – деді аймақ басшысы.

Жиында қаралған әрбір мәселе облыс әкімінің тікелей бақылауында болады. Алдағы кезде өзекті мәселелер жеке-жеке қаралады.

**«Ел Тілегі» ақпарат**

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТТЫ ДАМЫТУ

Облысымыздағы қауіпті өндірістік объектілері бар кәсіпорындарғаөнеркәсіптік қауіпсіздік саласы бойынша өз құзыреті шегінде ерекше тәртіп, жоспардан тыс тексерулер жүргізу және мемлекеттік қызмет көрсету аумақтық өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы органдар арқылы жүзеге асырылатындығы белгілі. Осыған байланысты тексерулер жүргізужәне мемлекеттік қызмет көрсету барысында сыбайлас жемқорлықтыңалдын алу және болдырмау мақсатында департамент тарапынан әрбір өткізілетін ісшаралар кезінде сыбайлас жемқорлық тақырыбындағы түсіндіру жұмыстары күн тәртібінде міндетті түрде қойылатындығын атап өткен жөн.

Қоғамның қауіпті дертіне айналған жемқорлық және оның көріністерін алдын-алу мәселелері ҚР Президентінің күн тәртібіненде түскен емес. Сыбайлас жемқорлықпен күрес кез келген өркениетті қоғам үшін ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың ең негізгі және басты шарттарының бірі – профилактикалық жұмыстардың жоғарғы деңгейде атқарылуы.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін ең алдымен халықтың құқықтық мәдениеті мен сауаттылығын арттыруқажет, яғни мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар тарапынан жүргізіліп жатқан құқықтық түсіндіру жұмыстарының сапасы мен олардың тиімділігін арттыру маңызды.

Әрбір азамат заңмен көрсетілетін қызметтерді алу үшін біреуге ақы беріп немесе таныс іздеу арқылы емес, заң көмегіне жүгінулері қажет екендерін айқын біліп, түсінулері және сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік көзқарас танытулары қажет. Осыған орай Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында көрсетілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдерін» басшылыққа алу қажет деп есептеймін.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат:

1) баршаның заң алдындағы теңдігі және әділдік;

2) жариялылық, айқындық және қоғамға есеп беру;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын кешенді пайдалану;

4) сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың басымдығы;

5) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы;

6) тиімділік пен нәтижелілік;

7) сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністерінде оны қабылдамау;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау;

9) сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығы;

10) сапалыцифрлық трансформация қағидаттарынанегізделеді.

Сыбайласжемқорлыққақарс ысаясаттыдамытутәсілдерімін адайміндеттердіорындауарқыл ыскеасырылатынболады:

1) сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлықтың мүмкіндіктерін жою;

3) жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жетілдіру;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда азаматтық қоғамның рөлін күшейту;

5)сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асырудың тиімді мониторингін қамтамасыз ету;

6)сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қызметін одан әрі жетілдіру.

Осыған байланысты сыбайлас жемқорлық көріністерін ескерту, алдын алу және жолын кесу бойынша қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты түсіндіру жұмыстарын жүргізу ҚР ТЖМ Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментініңбасты міндеттерінің бірі болып табылады.

**Ж.БАЛҒАБАЕВ,**
**ҚР ТЖМ Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы**

## ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ ЖҮЙЕ - ҚАРАЖАТТЫ ТИІМДІ БАСҚАРУ ТЕТІГІ

Қазіргі таңда қазынашылық жүйе еліміздің қаржылық жүйесінің басты бөлігі. Деректерге жүгіртсек, 2004 жылы бірыңғай ақпараттық ортаны қамтамасыз ету үшін қазынашылық органдары жаңа ақпараттық жүйе енгізілген. Ал 2011 жылы орган жұмысының тиімділігін барынша жоғарылатса, 2012 жылы квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттарына қызмет көрсете бастады. Одан әрі бюджеттік шығыстардың тиімділігін түпкілікті жақсарту үшін «Құрылыс бойынша мемлекеттік сатып алуды қазынашылық қолдау» жобасы енгізілген болатын. Бүгінде құрылыс бойынша мемлекеттік сатып алуды қазынашылық қолдау туралы өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты тиісті жұмыстар жүргізілуде. Биыл мемлекеттік мекемелердің құжаттары сапалы және уақытылы орындалуын, төлем шоттарын тиімді жұмсалуын қамтамасыз етілуде.

Қазынашылық мемлекет байлығының сақталуына жауап береді. Яғни, салық, салым, баж салығын өндіріп алуды ұйымдастырады. Және де мемлекеттік мұқтаждықтарға қаражат бөледі. Мұнан өзге, ақша эмиссиясына, ақша соғуға жауапты. Түйіндегенде, қазынашылық ақша қаражаттарын тиімді жұмсауды және сақталуын қамтамасыз ететін қаржылық орган.

Сонымен қатар, қаражатты тиімді басқару жүйесін құру, жаңғырту әрі дамыту, біршама елдердің қазынашылық органдарының басты міндеттерінің бірі.

**Алмас РУСТЕМОВ,**
**Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаментінің бөлім басшысы**

## Жолаушылар мен багажды автомобильмен ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарландыру

1.Мұнайлы ауданының әкімдігі, 2022 жылы Мұнайлы ауданы Маңғыстау ауылы мекен-жайы бойынша жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау мақсатында, аудан елді мекендерін жалғастыратын тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарлайды.

2. Конкурсқа мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады:

№1 лот №13А «Маңғыстау-Дәулет-Қызылтөбе» маршруты.

№2 лот «Маңғыстау-Батыр-Маңғыстау» маршруты.

Конкурстың өтетін күні 9желтоқсан 2022 жыл Маңғыстау ауылы «Мұнайлы ауданы әкімінің аппараты» ММ-нің ғимараты 1 қабат кіші мәжіліс залы сағат 17:00-де.

3.Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.

4.Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Мұнайлы ауданы Маңғыстау ауылында орналасқан қоғамдық ұйымдар ғимаратының

3- қабатында орналасқан «Мұнайлы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне ұсынуы тиіс.

5. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2022 жылғы «25» қараша.

6. 2022 жылы16қарашасында конкурстық комиссия, конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференция отырысын өткізеді.

**Анықтама алу үшін телефондар: (87292)46-62-29. (87292)46-62-30.**

## АЖЫРАСУ – ҚИЫНДЫҚТАН ШЫҒАР ЖОЛ ЕМЕС

ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінде ана, әке және баланың мемлекет қорғауында болатыны, ондағы еркек пен әйелдің некелік одағының еріктілігі, отбасындағы ерлі-зайыптылар құқығының теңдігі, олардың ішкі ісіне ешкім араласуға құқығы жоқтығы, балалардың отбасында тәрбиелену құқығы мен олардың толыққанды өсіп жетілуіне басымдық берілетіні айтылады.

Мемлекет әрбір қазақстандықтың бақытты отбасы болуына барынша жағдай жасап, әлеуметтік, рухани жағынан өсуіне жәрдемші болуда. Өкінішке қарай отбасын сақтау, жанұядағы береке-бірлікті қалыптастыру, үлгілі отбасына айналу принциптері елімізде кейінгі кездері әлсіреді. Статистика соңғы жылдары ажырасушылар санының алдыңғы жылдарғы көрсеткішке қарағанда бірнеше мәрте өскенін көрсетуде.

Қазақ ежелден шаңырақтың шайқалмауына, отбасының іргесі сөгілмеуіне көңіл бөліп, оны асқан жауапкершілікпен қадағалаған. Ата-ана, бала-шаға алдындағы міндет пен парызды перзентіне кішкене күнінен айтып, оның жадысына сіңісті қылған. Алайда, соңғы жылдары осы тәрбие мен ұстаным өзгерді. Некені бұзу – ойланбай қабылдана салған шешіммен бірдей. Өйткені, ол ерлі-зайыптының бірбірінің ғана емес, баланың алдындағы жауапкершілігі, міндет, парызы.

Отбасының шайқалуынан ең алдымен зардап шегетін – бала. Үйдегі ұрыс-керіс, ата-анасының айырылысуы балаға тек психологиялық қана жара салмайды, ол баланың өмірін түбегейлі өзгертеді. Үйінен кету немесе ата-анасының біреуімен қалу, жаңа орта, әкесіз немесе анасыз өмір сүру, отбасылық өзге де проблемалар баланың өмірге деген құлшынысын жойып, әртүрлі бақытсыздықтарға душар етеді. Рухани күйзеліске түсетін баланың сыртқа қашуы, өзіне жат әртүрлі жаман әдетті үйренуі осы кездерде болады. Жартылай отбасының жыртығы жамалуы қиын. Біздің практикадағы көп мәселеде бала көбіне анасымен қалады. Әкесі алимент төлеуден жалтарып, балаларынан ресми болмаса да, бейресми бас тартады. Жалғыз анасының табысы жарты отбасын асырауға жетпейтіні де баланың психологиясына салмақ. Ажырасудың ең үлкен қателігі мен қиындығы осында.

ҚР Конституциясының 27-бабы 2-бөлігінде «балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы, әрі міндеті» деп көрсетілген. Ерлі-зайыптылар ажырасуға шешім қабылдар тұста осы заңдылықты естен шығармаса дейміз. Рас, ажырасу, неке бұзу заңдық негізде ешқандай қылмыс, ешқандай заңдық жауаптылық емес, бірақ жанұясын сақтау, отбасын қадірлеу азаматтық қоғамның саналы әрбір азаматының ішкі байлығы, жеке құндылығы. Өзін өзі сыйлайтын әрбір азамат бала-шағасын жылатып, әйелін немесе ерін бақытсыздыққа душар етпейді. «Отан отбасынан басталады» деген сөзді жиі айтуымыз тегін емес. Отбасы – шағын Отан.

«Ашу – дұшпан, ақыл – дос» дейді тағы бір халық даналығы. Ерлі-зайыптылар отбасында осы қағиданы ұстанып, бір-бірін құрмет тұтуы тиіс. «Үйлену оңай, үй болу қиын» деудің негізі осында. Отбасы жауапкершілігі оның уығын бірге қалаған екеуге ортақ. Ендеше, оның ары қарайғы гүлденуі мен көркеюіне, сәулелі, мәуелі болуына атсалысу да ерлі-зайыптыға ортақ міндет. Демек, ажырасу, некені бұзу қиындықтың, ауыртпалықтың шешімі емес. Ажырасуға асығу үлкен қателіктерге бастайды. Отбасын сақтау – шағын отанын қадірлеу, ұрпағын салауатты, салиқалы етіп тәрбиелеу. Сондықтан ажырасуға шешім қабылдамас бұрын осы жауапкершіліктердің бәрін сүзгіден өткізу парыз. Неке – қасиетті ұғым. Ендеше, некені бұзуға асықпаңыз! Ақылмен қабылданған шешім ғана ерлі-зайыптының одағын сақтайды.

## САПАЛЫ КОНТЕНТ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

**Қазіргі таңда жаңалықтарды медиа арқылы тарату әлеуметтік желілердің негізгі құралына айналды. Кез-келген ақпаратты медиа контентсіз елестету мүмкін емес.**

Медиа коммуникация қоғамдағы барлық саламен қатар сот жүйесіне де толықтай енуде. Сондықтан сот мамандарын жаңа контентке машықтандыру заман талабы болып отыр. Осы мақсатта облыстық сот ғимаратында Қызылорда облысы соттарының қызметкерлеріне «Заманауи контент. Мобилография» тақырыбында оқу-семинар өткізілді.

№45 (797) Сәрсенбі 9 қараша 2022 жыл
e-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru

# АҚШАЛАЙ ӨНДІРІП АЛУДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Өздеріңізге белгілі 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап елімізде жаңадан әкімшілік әділет жүйесі жұмыс жасай бастады. Әлбетте жаңадан қабылданған «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» сот қызметіне тың серпін бергені сөзсіз.Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі Қазақстанның құқықтық жүйесі үшін жаңа құжат, қоғамдық қатынастарды реттеудегі жаңашылдықтарға бетбұрыс жасаған тың заңнама.**

Бұған дейін еліміздің құқықтық жүйесінде мемлекеттік органдар мен азаматтардың ара –қатынасын, жалпыға бірдей тиімді және бүкпесіз мемлекеттік басқаруды реттейтін арнайы заң болған жоқ.

Міне бұл заң мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асырудың тәртібін реттеумен қатар, әкімшілік сот ісін жүргізудің айшықтарын, соттың алдында жұрттың бәрі тең деген қағиданың жұмыс жасауына қолайлы заң деп қабылдағанымыз жасырын емес.

Бұл жаңа кодекс судьяға жаңа өкілеттіктер мен құқықтар беру арқылы, сотқа жүгінген тараптардың құқықтарын қорғауда мемлекеттік органдар мен халықтың арасындағы алшақтықты жоюға бағытталғанын аз уақыт ішінде дәлелдеді. Жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін толық іске асыруға, жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізуге, оның ішінде қарапайым халықтың басқару шешімдерін қабылдауға қатысуы арқылы қамтамасыз етуге мүмкіндік жасалды.

Осы ретте жария-құқықтық қатынастарда жеке және заңды тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақтылы шешу үшін, өзінің алдын-ала құқықтық пікірін айтумен қатар, соттарға процестік мәжбүрлеу шараларын кеңінен қолдануға мүмкіндік берілді.

Жаңадан ақшалай өндіріп алу мәжбүрлеу шарасы енгізілді.

Қазіргі таңда соттармен қолданылып жатқан процестік мәжбүрлеу шарасының бірі ақшалай өндіріп алуға кеңінен тоқталсақ.

Ақшалай өндіріп алуды қолдану мәселесінде біршама тәжірибие қалыптасқандай. Ол жеке және заңды, сондай-ақ, лауазымды тұлғаларға да, процеске қатысушы немесе сот отырысы залында жай ғана қатысып отырған тұлға болғанына қарамастан қолданылады. Ақшалай өндіріп алу түріндегі процестік мәжбүрлеу шарасын қолдану тәртібі мен мөлшері ӘРПК-нің 127 бабында нақты көрсетілген.

Бұл процестік мәжбүрлеу шарасы әкімшілік істер бойынша іске қатысатын тараптарды тәртіпке келтіруге, істің мән-жайларын уақытылы және толық зерттеуді және сотқа жүгінген адамдардың өз құқықтарын заң шеңберінде қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Сот ақшалай өндіріп алу қандай жағдайда қолданады. Негізінен процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаларға, оның ішінде дәлелдерді белгісіз себептермен сот белгілеген мерзімде ұсынбаса, тапсырмаларды сот белгілеген уақытта орындамаса, егер де бұл әрекеттер әкімшілік істің негізсіз созылуына әкеп соққан жағдайда әрбір әрекет (әрекетсіздік) үшін жеке қолданылады.

Сонымен бірге соттың талабын, сұрау салуын орындамағаны, әкімшілік іске қатысушы адамның сотқа келмегені, сотқа уақытылы хабарламағаны, кері қайтарып алуды уақытылы бермегені, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбағаны, сотта белгіленген қағидаларды бұзғаны, сондай-ақ сотты және (немесе) судьяны құрметтемегені туралы анық куәландыратын өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) үшін де сот ақшалай өндіріп алуды қолданатыны заңмен бекітілді.

Соттың шешімі орындалуымен құнды. Осы кодекс сот шешімінің орындалуына сот бақылауын күшейтудің бір тетігі ретінде, сот актісін уақытылы орындамаған тұлғаларға да, сотпен ақшалай өндіріп алу мәжбүрлеу шарасын қолдануға мүмкіндік беріліп отыр.

Соттың шешімін, тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімін бекіту туралы сот ұйғарымын орындамағаны үшін ол бір айдан аспайтын мерзім ішінде орындалуға жататынын көрсете отырып, ақшалай өндіріп алуды қолданады.

Сотпен белгіленетін ақшалай өндіріп алудың мөлшері де жасалған әрекеттің сипатына қарай белгіленетіні осы кодексте нақты айқындалған.

Жоғарыда атап өткендей ӘРПК-нің 127-бабында ақшалай өндіріп алудың мөлшері он айлық есептік көрсеткіштен жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне дейін болып белгіленген. Оның ішінде процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаларға он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде болса, соттың талабын, сотта тікелей қатысатын тұлғалардың соттың сұрау салуын орындамағаны, тараптың сотқа келмегені тағы сол сияқты, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбай, сотта белгіленген қағидаларды бұзған, сондай-ақ сотты және (немесе) судьяны құрметтемегені туралы анық куәландыратын әрекеттерге жол бергендер үшін жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай өндіріп алу көзделген.

Ал, соттың шешімін орындамаған жауапкерге қолданылатын ақшалай өндіріп алудың мөлшері де жоғары, ол елу айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Бір айта кететіні, жоғарыда аталғандай сот актісін немесе соттың талаптарын орындамаған кезде сот тұлғаға он айлық есептік көрсеткішке ұлғайтылған мөлшерде қайтадан ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

Ақшалай өндіріп алуды қолдану мәселесін қарау, өзіне қатысты мәжбүрлеу шарасы қолданылатын адамға алдын ала хабарланады және тікелей сот отырысында жүргізіледі. Егер азамат сот отырысының болатыны туралы алдын-ала хабарланса және сот отырысына белгісіз себептермен келмесе, мәселені қарау оның қатысуынсыз жүзеге асырылады.

Ақшалай өндіріп алуды қолдану туралы ұйғарымның көшірмесі міндетті түрде ақшалай өндіріп алу қолданылған адамға табыс етілуі тиіс.

Бұл ретте айта кететіні, ақшалай өндіріп алуға байланысты сот актісіне шағымданудың өзіндік ерекшелігі бар. Себебі ақшалай өндіріп алу қолданылған адам қаражатты оның көшірмесі табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде төлеуі тиіс және соттың ұйғарымына төлем жүргізгеннен кейін ғана шағымдануға құқығы бар.

Ақшалай өндіріп алу қолданылған тұлға оны төлеуден босату немесе ақшалай өндіріп алу мөлшерін азайту туралы өтінішхатпен сотқа жүгінуге де құқылы.

Ақшалай өндіріп алу қолданылған кезде сот ұйғарымның орындалуын кейінге қалдыруға немесе екі айға дейінгі мерзімге бөліп төлеуді беруге құқылы.

Адамға процестік мәжбүрлеу шараларын қолдану бұл адамды осы Кодексте белгіленген тиісті міндеттерді орындаудан босатпайды.

Сондықтан процестік мәжбүрлеу шарасын қолданудың басты мақсаты, әкімшілік іске тартылған тұлғалардың өздерінің процестік құқықтары мен міндеттерін дұрыс және ұқыпты орындауды талап ету, істің дұрыс шешілуіне қажетті деп тапқан соттың сұранымдары мен тапсырмаларын мерзімінде орындату және істің созбалаңдыққа салынуына жол бермеу болып табылады.

Осы кезге дейін Қызылорда облысының әкімшілік істері жөніндегі апелляциялық алқасымен бірнеше әкімшілік іспен іске тартылған тұлғаларға ақшалай өндіріп алу қолданылды.

Оның біреуіне мысал келтіре кетейік. Әкімшілік іспен апелляциялық саты сотына жауапкердің өкілі ретінде бір азамат сенімхатпен іске қатысуға жіберілген және оған істің мән-жайларын толық және объективті зерттеуге арналған процестік құқықтарын жүзеге асыруы үшін мүмкіндік берілген.

Алайда сот отырысы барысында аталған тұлғаның өкілеттігіне қатысты талап қоюшы тарапынан сенімсіздік білдіріліп, оның алқаға тапсырған өкілеттілігін бекітетін құжаттарын қосымша зерделеу үшін үзіліс беруге тура келді.

ҚР Әділет Министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылатын Заң консультанттары палаталары туралы мәліметтерді зерделеу барысында, жауапкер өкілі мүшесімін деп көрсеткен Заң консультанттары палатасы ресми тіркелмегені, өкілдің заң консультанты ретінде қандай да бір заң палатасының мүшесі емес екені анықталды.

Тіпті, өкіл процестік құқықтарын жүзеге асыру үшін бірінші саты сотына өзінің басқа Заңгерлер палатасының мүшесі болып табылатыны туралы анықтама табыс еткен және осы анықтамада көрсетілген заң консультанттар палатасы да электрондық базада тіркелмеген.

Алқа осы тапсырған құжаттары белгіленген заң талабына сәйкес сотта өкілдік етуге құқық беретін құжаттарға сәйкес келмейді деп, оны іске қатыстырудан бас тартқан және сот процесінде оны өзіне ресми жариялаған.

Сол себепті жауапкер тараптың өкіліне процестік құқықтарды теріс пайдаланғаны үшін оған он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай өндіріп алу қолданған.

Жаңа заңның басты мақсатының бірі судьяның белсенділігін арттыру болатын. Ендігі жерде судья өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың өтініштері бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинаудағы өзінің белсенді рөлін кеңінен қолдануға құқылы. Міне осы осы қағидатты жүзеге асыру үшін, жаңа заң нормасымен енгізілген мәжбүрлеу шарасы тараптардың процестік ұқыптылығын қалыптастырып, әкімшілік іс жүргізуге аса жауапкершілікпен қарауға міндеттейді және сот билігінің беделін арттыруға ықпал етеді деп сенеміз.

**Е.ТҰРБАЕВ,**
**Қызылорда облыстық сотының судьясы**

# ЕСІРТКІМЕН КҮРЕС ӘЛЕМ НАЗАРЫНДА

**Замана көші алға ілгерілеген сайын бұрын-соңды естіп-білмеген дүниелер көбейіп келеді. Олардың арасында адамзатқа пайдалысы да зияны да көп. Ең қауіптісі зиянының көп болғаны. Осы зияндардың ішінде ерекше орын алатыны – есірткі мен нашақорлық.**

Шығу тегі мен мерзіміне қарағанда кеше ғана өмірге келген зат емес. Бұрыннан жер бетінде басқа өсімдіктермен қатар өмір сүріп келеді. Алғашында дәрілік шөп ретінде медицинаға пайдаланған бұл өнім – уақыт өте келе жүйке жүйесіне әсер ететін затқа айналды.

Ғылымда есірткіні адамның көңіл-күйін, сана сезімін, мінез-құлқын бұзатын қауіпті, тыйым салынған химиялық зат ретінде сипатталады. Адамның есін алу арқылы қоғамға зиянды әрекеттерге барады. Ал ең өкініштісі оны тұтыну әдетке айналып, науқастардың қатарына ену.

Жалпы есірткі арқылы оны үнемі тұтынудың кесірінен бірі айықпас кеселге ұшырап жатса, екінші бірі осы өсімдік немесе одан өндірілген өнім арқылы өз бизнесін жолға қойған. Әрине Қазақстан Республикасында есірткі айналымы заңсыз деп саналады.

Нашақорлық пен заңсыз есірткі бизнесін біржолата тыю мақсатында әлемде бірнеше жобалар іске асырылады. Біріккен ұлттар ұйымының жанынан дәл осы бағытта жұмыс атқаратын басқарманың мәліметіне сүйенсек әлем халқының 3-4 пайызы есірткіні тұрақты түрде тұтынады және олардың 5-10 пайызы ғана арнайы мекемеде тіркеуде.

Заңсыз есірткі айналымы да әлемдік деңгейде ойландыратын мәселелердің біріне айналған. Орталық және Оңтүстік Америкада, Орталық Азия ескірті тасымалының ошағына саналады. Ал оның алдын алу барша әлем халқының міндетіне айналған. Сондықтан әр жылдың 26 маусымы «Халықаралық есірткі өнімін тұтыну мен заңсыз айналымына қарсы күн» ретінде белгіленген. Әлемдегі геосасяи және экономикалық одақтарға мүше елдердің арасында осы бағытта бірлескен жұмыстар атқарылуды.

Конституциямызда мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары делінген. Қазақстан өзін зайырлы, әлеуметтік, демократиялық және құқықтық мемлекет ретінде орнықтыра отырып, дүниежүзілік қоғамдастықтың толық құқылы мүшесі болып, есірткі заттарының заңсыз айналымына қарсы белсенді түрде күрес жүргізуде.

Бұл өнім адам өмірі мен психикасына кері әсер ететін болғандықтан Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 11 тарауында осыған қатысты құқықбұзушылықтардың түрі мен жазасы туралы көрсетілген. Аталған қылмыстың өзіне де өзгеге де қауіпті болғандықтан жазасы да қатаңдау.

ҚК-ның 296-бабына сай, қоғамдық орындарда есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналық емес тұтыну – сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жиырма тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатынсыз заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау – бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға, аса ірі мөлшерде - үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалатыны көрсетілген.

Бұл жерде есірткі өнімін тұтыну да, оны сақтау да, сату да қылмыс екенін байқауға болады.

Осы секілді есірткі өнімін заңсыз өсіру, дайындау, тарату, алып қою, жымқыру, тұтынуға көндіру, жарнамалау т.б. осы тектес әрекеттерге заң жүзінде жаза қарастырылған.

Сонымен қатар мемелекет тарапынан осы әрекеттерге тосқауыл қою мақсатында кешенді түрде шаралар қабылданады. Медициналық ұйымдар, жергілікті атқарушы, құқық қорғау органдары да түрлі деңгейдегі насихаттар мен қарсы іс-шаралар атқаруда.

Полиция органымен жыл сайын «Көкнәр» жедел алдын-алу операциясы арқасында есірткі өсіруге ықтимал аймақтар, жастар шоғырланатын күмәнді жерлер жіті тексеріліп, есірткі өнімінің саудасаттыққа шықпауын қадағаланып өз нәтижесін беруде.

Осы қабылданып жатқан заңдар мен жасалып жатқан шаралар алдымен елімізде тәртіп орнату, одан кейін өскелең ұрпақты салауаттылыққа тәрбиелеу болып табылады. Қылмысты жасағанның арты қуыс болатыны белгілі. Осы жаман әдетке үйір болу, оны пайдалану арқылы жалпыға бірдей моральдан, имандылықтан айырылатыны белгілі.

Мысалы Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотымен 18 сотталушыға қатысты қаралған мына бір іс те дәлел бола алады.

Сотталушы М. полиция департаментінде есірткіге қарсы күрес басқармасының бастығы бола тұра сыбайласы А.-мен есірткі сатудан түсетін заңсыз табыс көзінің мүмкіншілігін жетік біліп, өзі және басқа адамдар үшін пайда мен артықшылықтар алу мақсатын көздеп, онымен алдын-ала сөз байласқан. Соттлаушы А. есірткі заттарын ірі мөлшерде заңсыз егіп, өсіріп, аса ірі мөлшерде өскен өнімді сату мақсатында оны қайта өңдеп, сақтап, тасымалдау барысын ұйымдастыруды және оған бақылау жүргізуді міндетіне алса, сотталушы М. полиция қызметкерлерімен, ұйымдастырылуымен егіп-өсірілетін есірткі алқаптарының анықталу қаупінен алдын ала сақтау міндетін өз мойнына алған.

Осылайша 2019 жылы құрамында есірткі заттар бар өсімдіктерді егіп-өсіруге пайдалану үшін облыс аумағының түпкіріндегі жер телімдерін айқындап, жұмыстарға адамдар тобын тартып, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз еткен.

Арал аудандық полиция бөлімі қызметкерлерімен жүргізілген «Көкнәр-2019» алдан-алу жедел шарасы негізінде қылмыскерлер құрықталған.

Нәтижесінде сот, сотталушыларға жаза тағайындау барысында олардың айыпталып отырған қылмысының ауыр және аса ауыр қылмыстар санатына жататындығын, қоғамдық қауіптілігінің сипатын, жазаның мақсатына жету тек қана бас бостандығынан айыру жазасын тағайындауға толық негіз бар деп санап, қылмысты ұйымдастырушыларға ҚК-тің 28-бабы 3-бөлігі, 300-бабы 2-бөлігінің 1,3)-тармақтарымен 7 (жеті) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру, ҚК-тің 297-бабының 3-бөлігінің 1,2,3,4)-тармақтарымен 15 (он бес) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалса, қылмысқа қатысы бар басқа тұлғаларға 4 жылдан бас бостандығанан айыру жазасы тағайындалды.

Басты сот талқылауында осы қылмысты ұйымдастырушылар есірткі алқабына ешқандай қатысы жоқ екендігін, барлығына өзге тұлғаларды кінәлі екендігін мәлімдеді.

Бұл жерден түйетініміз, қылмысқа барған адам өтірікке әуес болады, жан-жағын азғырып, жазадан құтылу үшін досын да орға жығады.

Сондықтан осы қылмыстың алдын-алу, көрген жағдайда құқық қорғау органдарына хабарлау біздің басты міндетіміз болуы тиіс. Сонда ғана біз өмір сүріп жатқан қоғам дамып, Қазақстан әлемдегі озық елдердің қатарына кіретіні сөзсіз.

**Д.АЛИЕВ,**
**Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы**

## ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМА

Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы Гульмира Искакова Қызылорда облысының бақылау жөніндегі басқармасында басқарма басшылары мен мамандарының қатысуымен семинар сабағын өткізді.

Іс-шараның басты мақсаты мемлекеттік қазметшілердің құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, құқықтық сауаттылығын жоғарылату, әкімшілік құқық бұзушылықты реттейтін заңнаманы меңгеру болды.

Семинар барысында судья Г.Искакова қолданыстағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне түсіндірме беріп өтті. Атап айтқанда, әкімшілік құқық бұзушылық істерді қозғау, рәсімдеу, сотқа жолдау тәртібі талқыланды. Сонымен қатар, сот жүйесіндегі істерді қарау барысында қолданылатын заманауи IT-технологиялар бойынша түсіндірме берілді.

Қатысушылар тақырып бойынша туындаған сұрақтарын қойып, өзара пікір алмасты.

## ЭКСАУМАҚТЫҚ СОТТЫЛЫҚТЫ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТҮСІНДІРУ

Қызылорда қалалық сотында сот қызметкерлерінің қатысуымен «Эксаумақтық соттылықты қолдану мәселелерін түсіндіру» тақырыбында семинар өткізілді.

Семинар барысында кеңсе меңгерушісі Н.Дуйсенова 2022 жылғы 01 тамыздан бастап ҚР АПК-нің 32-бабына енгізілген өзгеріске тоқталып, яғни эксаумақтық соттылықты таңдау, оны өзгерту, осы бойынша істерді бөлу алгоритмі және шарттық соттылықтан айырмашылығын түсіндірді.

Шара соңында қатысушылар эксаумақтық соттылық арқылы жіберуде туындауы мүмкін деген мәселелерді талқылап, өзара пікір алмасты.

## ТАРАП ӨЗ ТАЛАБЫ МЕН ҚАРСЫЛЫҒЫН ДӘЛЕЛДЕУГЕ МІНДЕТТІ

Талап қоюшы «Қазақ әуендерінің орындаушылары» Республикалық қоғамдық бірлестігінің жауапкер жеке кәсіпкерден өтемақы өндіру туралы талабы бірінші саты сотының шешімімен қанағаттандырудан бас тартылған

Шешімге келтірілген апелляциялық шағым негізінде істі қараған азаматтық істер жөніндегі сот алқасы келесіні анықтады.

Талап қоюшы талабында жауапкер 2019 жылы Жаңақорған ауданында орналасқан мейрамханалардың бірінде өзге авторлардың ән-фонограммаларын техникалық құрылғылар арқылы көпшілік алдында орындағаны анықталғанын, сондықтан жауапкерден 2 020 000 теңге өтемақы өндіруді сұрайтытын көрсеткен.

Жауапкер қарсы пікірінде талаппен мүлдем келіспейтінін, себебі талап қоюшы мен авторлар қандайда бір келісім шарт жасалмағанын, талап қоюшыдан ескертпе хат алмағанын алға тартып, сот алқасынан бірінші саты сотының шешімін өзгеріссіз қалдыруды сұрады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге міндетті, қорғаныс құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелер және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімде келтіруге тиіс.

Сотта анықталғандай, талап қоюшы 2019 жылы мейрамханада жауапкердің өзге авторлардың ән-фонограммаларын техникалық құрылғылар арқылы көпшілік алдында пайдаланылғандығын анықтайтын дәлелдеме ұсынбаған.

Сондықтан сот алқасы бірінші саты сотының талап қоюшының талабын қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімін заңды әрі негізді деп тапты.



# ТҰРҒЫН ҮЙДІ САТЫП АЛУ-САТУ ШАРТЫН ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНУ

**Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 4-тарауы және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 6 «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысы мәміле ұғымын, оның түрлері мен жарамсыздығының негіздерін ашады.**

Мәміле - құқықтық институт ретінде құқықтық қатынастардың тұрақтылығында, іскерлік айналым мен экономикалық дамудың орнықтылығында көрініс табады.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес мәміленің жарамсыздығы сот ісін жүргізу барысында анықталады, сондықтан бұл жерде соттың құқықты қолдануының әсері өте жоғары.

Азаматтық кодексінің нормаларына сәйкес сот мәмілені жарамсыз (даулы мәміле) деп таныса не осындай тануға қарамастан оның жарамсыздығы заңда тікелей көрсетілсе (мәніссіз мәміле), мәміле заңда белгіленген негіздер бойынша жарамсыз болуы мүмкін.

Даулы мәмілені жарамсыз деп тану туралы талаптарды, оның салдарлары жөніндегі талаптарды қолдану туралы талапты мүдделі адам, тиісті мемлекеттік орган не прокурор қоюы мүмкін.

Мәміленің заңмен мәніссіз деп анықталуы мүдделі адамның осындай мәмілені сот арқылы жарамсыз деп тануды талап етуіне кедергі болмайды.

Мәніссіз мәміленің жарамсыздығының салдарын қолдану туралы талапты мәніссіз мәмілені жарамсыз деп тану туралы талапты кез келген мүдделі адам қоюы мүмкін.

Соттың мәмілені жарамсыз деп тануы азаматтық құқықтарды қорғау тәсілдерінің бірі болып табылады.

Мәміленің жарамсыздығы және олардың жарамсыздығының салдарларын қолдану туралы мәселені шешу кезінде соттар осы құқықтық қатынастар туындаған кезде қолданыста болған заңнаманы басшылыққа алуға тиіс.

Азаматтық кодексінің 406-бабының 1-тармағына сәйкес сатып алу-сату шарты бойынша бір тарап (сатушы) мүлікті (тауарды) екінші тараптың (сатып алушының) меншігіне, шаруашылық жүргізуіне немесе жедел басқаруына беруге міндеттенеді, ал сатып алушы бұл мүлікті (тауарды) қабылдауға және ол үшін белгілі бір ақша сомасын (бағасын) төлеуге міндеттенеді.

Сот тәжірибесінде кеңінен таралған дау түрлері қатарында тұрғын үйді сатып алу-сату шартын жарамсыз деп тану туралы даулары тұр.

Мысалы, нотариалды түрде куәландырған сату сатып-алу шарты негізінде талап қоюшы Ж.Ж. өзінің меншігіндегі Қызылорда қаласында орналасқан пәтерін жауапкер М.А.-ға 700 000 теңгеге сатқан. Арада, 6 ай өткеннен кейін, талап қоюшы сотқа талаппен жүгініп, жауапкердің алдындағы қарызын толық төлеп құтылғанын, алайда жауапкер пәтерін қайтарып беруден жалтарып жүргенін көрсетіп, пәтерді сатып алу-сату шартын жарамсыз деп тануды сұраған.

Сотта, талап қоюшы жауапкерден екі ай мерзімге 500 000 теңге қарыз ақша алғаны, өсімпұлмен 700 000 теңге қайтаруға тиіс болғаны, қарызын қайтарғанға дейін кепіл ретінде пәтерге қатысты сатып алу - сату шартын жасасқаны, пәтерде талап қоюшы отбасымен тұрып жатырғаны анықталған.

Яғни, талап қоюшы шын мәнінде пәтерді сатпаған, ал жауапкер сатып алмаған, тараптардың келісімі бойынша аталған пәтер талап қоюшының жауапкердің алдындағы ақшалай міндеттемесіне сәйкес кепіл ретінде болған, сатып алушы бұл мүлікті қабылдамаған және ол үшін белгілі бір ақша сомасын төлемеген.Бұл мән-жайларды жауапкер тарапы да растаған.

Тараптардың арасындағы пәтерді сату сатып-алу шарты тиісті құқықтық салдарлар жасау ниетінсіз, тек жалған мәміле болып табылғандықтан, талап қоюшының мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылған.

Келесі мысал, талап қоюшы Н.Е. мен оның анасы А.С.-ның тұрғын үйді жекешелендіру туралы шарты бойынша Қызылорда қаласында орналасқан пәтерге меншік құқығы тіркелген.

Нотариалды түрде куәландырылған пәтерді сатып алу-сату туралы шарт бойынша А.С. пәтерді жауапкер Н.П.-ға 4 000 000 теңге сатқан.

Талап қоюшы Е.Н. талаппен сотқа жүгініп, онда даулы пәтердің ½ бөлігінің меншік иесі екенін, оны сатуға анасы А.С.-ға келісім бермегенін, шарттың жасалғанын кейіннен білгенін, даулы пәтерде осы күнге дейін тұрып жатырғанын көрсетіп, жауапкерлер анасы А.С. мен Н.П.-тің арасында жасалған даулы пәтерді сатып алу-сату туралы шартты жарамсыз деп тануды сұраған

Азаматтық кодекстің 220-бабы бойынша бірлескен меншікке қатысушылар, егер олардың арасындағы келісімде өзгеше көзделмесе, ортақ мүлікті бірлесіп иеленеді және пайдаланады. Мүлікке билік ету жөніндегі мәмілені қатысушылардың қайсысы жасағанына қарамастан бірлескен меншіктегі мүлікке билік ету барлық қатысушылардың келісімі бойынша жүзеге асырылады.

Нотариаттың куәландыруын немесе мемлекеттік тіркеуді керек ететін мәмілелер жасасу кезінде бірлескен мүлікке басқа қатысушылардың мәміле жасауға келісімі нотариалдық тәртіппен расталуға тиіс.

Азаматтық кодекстің 227-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік және тұрғын үй қатынастары туралы заңнамасына сәйкес жалдаушы сатып алған немесе тегін алған мемлекеттік тұрғын үй қорының үйіндегі тұрғын жай, егер олардың арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, жалдаушының және онымен бірге тұрақты тұратын отбасы мүшелерінің, соның ішінде кәмелетке толмаған және уақытша тұрмайтын мүшелерінің бірлескен меншігіне көшеді. Жекешелендірілген тұрғын үйге бірлескен меншік құқығының ерекшеліктері тұрғын үй қатынастары туралы заң актілерінде белгіленеді.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі №94 Заңының 13 бабының 2, 3 тармақтарына сәйкес, жекешелендірілген тұрғын үй жалдаушының және онымен тұрақты бірге тұратын барлық отбасы мүшелерінің, оның ішінде уақытша тұрмайтындарының, егер олардың арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, ортақ бірлескен меншігіне өтеді. Ортақ бірлескен меншіктегі тұрғын үйдің иеліктен шығарылуына барлық меншік иелерінің келісімімен ғана жол беріледі.

Сотта анықталғандай, даулы пәтер талап қоюшы Е.Н. пен А.С.-ның жекешелендіру шарты бойынша ортақ бірлескен меншігі болып табылады, Е.Н. бірлескен меншікке қатысушы ретінде даулы пәтерді сатуға келісім бермеген, пәтерге қатысты мәміле жасау барысында өзінің келісімін нотариалдық тәртіппен растамаған.

Атап айтқанда, жылжымайтын мүліктің тіркеу ісіне нотариус А.А. бекітілген Е.Н.-тың атынан жазылған келісім білдіру арызы тіркелген. Бұл арыз бойынша талап қоюшы Е.Н. анасы А.С. даулы пәтерді өзі қалаған бағаға, қалаған шартымен сатуына қарсы еместігін білдіре отырып, оны растап, осы арызға қол қоятынын көрсеткен.

Ал, Қызылорда облысы бойынша Сот сараптамалары институтының сарапшы қорытындысы бойынша талап қоюшы Е.Н.-тың атынан жазылған келісім білдіру арыз құжатында орналасқан «Н.Е.О.» деген жазу және Е.Н.-ның атынан қойылған қолтаңба жауапкер А.С.-мен орындалған.

Аталған келісім білдіру арызды нотариус А.А.-ның бекіткені анықталды, бұдан кейін бұл келісім арыз бойынша жауапкер А.С. даулы пәтерді жауапкер Н.П. сатқан, сатып алу-сату шартын келесі күні басқа нотариус бекіткен.

Іс жүзінде, даулы пәтер сатып алушы Н.П.-ке тауар ретінде берілмеген, даулы пәтер талап қоюшы Е.Н.-тың жалғыз тұрғын үйі болып табылады, бұл пәтерде осы күнге дейін талап қоюшы Е.Н. пен оның анасы А.С. тұрып жатыр, бұл мән-жайларды жауапкер Н.П. жоққа шығармаған.

Бұл тұрғыда, даулы пәтерге қатысты жасалған мәміле талап қоюшының конституциялық құқықтарының бұзылуына әкеп соққан.

Нәтижесінде, талап қоюшының талабы қанағаттандырылып, пәтерді сатып алу-сату шарты жарамсыз деп танылған.

Сонымен бірге, Нормативтік қаулының 15 тармағы бойынша Мәміленің жарамсыздығының салдары ретінде виндикацияны қолдану жауапкерді оның даулы мүлкін сатқан адамға жарамсыз мәміле бойынша алынған ақша қаражатын немесе өзге де мүлікті қайтару туралы өз бетімен талап қою, сондай-ақ келтірілген залалды өтеуді талап ету құқығынан айырмайды.

Осыған орай, жауапкер Н.П. даулы мүлікті сатқан адамға жарамсыз мәміле бойынша алынған ақша қаражатын немесе өзге де мүлікті қайтару туралы өз бетімен талап қоюға құқылы екендігі түсіндірілген.

Істі қарау барысында, нотариус А.А. өз міндеттерін атқару барысында кемшіліктерге жол бергені анықталды, осыған орай анықталған заң бұзушылықтар бойынша Қызылорда облысының Әділет департаментінің басшылығының назарына жеткізу үшін сотпен жеке ұйғарым шығарылған.

Соттар осы санаттағы істерді қарау кезінде Азаматтық кодексінің 147-бабы бойынша азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері мәмілелер деп танылатынын негізге алуы қажет.

Мәмілелерді жарамсыз деп тану және олардың жарамсыздығының салдарларын қолдану туралы істерді қарауға кірісе отырып, соттар сотқа жүгініп отырған талап қоюшы қойған талаптың нысанасы мен негізін, іс үшін маңызы бар қандай мән-жайлардың анықталғанын және қандай мән-жайлардың анықталмағанын, тараптардың құқықтық қатынастары қандай екенін айқындауға және осыған байланысты даулы құқықтық қатынас реттелетін материалдық нормаларды қолдануға және осы нормалардың негізінде талапты шешуге тиіс

Осы мән-жай Азаматтық процестік кодексінің 4-бабына сай келеді, оның қағидалары бойынша азаматтардың, мемлекеттің және заңды тұлғалардың бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, азаматтық айналымда және жария-құқықтық қатынастарда заңдылықты сақтау, дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесу, құқық бұзушылықтардың алдын алу мен қоғамда заңға және сотқа құрметпен қарауды қалыптастыру азаматтық сот ісін жүргізудің міндеттері болып табылады.

**Н.ЖАҢАБЕРГЕНҚЫЗЫ,**
**Қызылорда қалалық сотының судьясы**

# ЖАЗАСЫН ТАРТПАЙТЫН ЖАМАНДЫҚ БОЛМАЙДЫ

**Қылмыс жасалғаннан кейін міндетті түрде қылмыстық жауаптылықтың туындайтыны, кінәлі деп танылған адамға Қылмыстық Кодексінің (бұдан әрі-ҚК-нің) тиісті бабында белгіленген шектерде жаза тағайындалатыны анық. Ондағы мақсат - әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу.**

Жасалған қылмыс үшін жаза тағайындау қылмыстық заңды қолдану барысындағы ең жауапты және маңызды саты болып табылады.

Сотпен жаза тағайындаудың өз ерекшеліктері бар, яғни жасалған қылмысқа байланысты жаза тағайындау кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі, кінәлі адамның жеке басы, оның ішінде құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және одан кейінгі оның мінез-құлқы, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, сондай-ақ тағайындалған жазаның сотталған адамның түзелуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы ескеріледі.

Сондай-ақ, қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы бойынша қай санатқа жататындығы, қылмыстың қайталануы және оның түрлері, қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезеңі, сотталушының қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезіндегі қатысу дәрежесі, қылмыстық құқық бұзушылықтың мақсатына жету үшін оның әрекеттерінің маңызы және келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның сипаты мен мөлшеріне ықпалы, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығының болуы, сол қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазаға қарағанда неғұрлым жеңіл жаза тағайындау негіздері де ескеріледі.

Жаза тағайындау қағидаларының сақталуы, қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнамадағы жаза тағайындау мәселелерін реттейтін нормалардың дұрыс қолданылуы әрбір қылмыстық істің заңға сәйкес шешілуінің негізі болып табылады.

Соңғы жылдары түрлі қылмыстарға қатысты құқықтық жауапкершіліктің қатаңдатылып, заңның күшейгені белгілі. Дегенмен, соттарда қаралып жатқан істердің бір сыпырасын осы жазасы қатаңдатылған мал ұрлығы, сондай-ақ көліктегі қылмыстар сынды қылмыстық істер құрайды.

«Қазақтың міні – мал ұрлығы» деген екен ғұлама Абай. Әлі де солай. Еліміздің қай аймағын алсақ та, төрт түлігінен қапыда көз жазып қалушылар көбейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бір сөзінде «Қазақ амандасқанда «Мал-жан аманба?» деп жөн сұрасқан. Дегенмен соңғы кезде қорадағы малын таппай қалатын азаматтар көбейіп барады. Ұрлық жақсылыққа апармайды. Бұған тыйым салу керек. Адал еңбек етіп, күнін көріп отырған малшыларды қорғауымыз қажет. Заңды қатайтып, қылмыскерлерді сыбайластарымен қосып, қатаң жазалау керек», деген болатын.Кейін Президентіміз айтқандай, Қылмыстық кодексіне өзгерістер енгізіліп, мал ұрлығына қатысты жаңа 188-1 бап енгізіліп, оның жазасы қатаңдатылды.

Бұрын мал ұрлығы қылмысы ҚК-нің 188-бабы бойынша қаралатын. Бұл бап бойынша мал ұрлаушы қылмыстық жауаптылыққа тартылу кезінде мал иесіне келтірген залалды қайтарып, жәбірленушімен татуласса ҚК-нің 68-бабының талабына сай қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жататын. Яғни, шығынның орнын толтырған соң жазадан құтылатын. Қылмыстық заңның осындай осал тұсын білген мал ұрлаушылар жазадан құтылғаннан кейін де бұрыңғы әдетінен ажырамай, қайта ұсталғанша бұрыңғы кәсібіне басатын.

Жаңа өзгеріске сәйкес, мал ұрлау, яғни бөтеннің малын жасырын жымқыру үшін мүлкі тәркіленіп, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. ҚК-нің 188-1-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыс ауырлығы орташа қылмыстар санатына жатады. Мұндағы өзгешелік, бірінші рет мал ұрлаған айыпты жәбірленушімен татуласуына байланысты ҚК-нің 68-бабының талаптарына сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Ал бірақ, екінші рет мал ұрлаған кезде тараптардың ымыраласуына мүмкіндік қарастырылмаған.

ҚК-нің 188-1-бабының 2, 3, 4-бөліктерінде көзделген қылмыстар ауыр қылмыстар санатына жатады. Бұлар бойынша қылмыс жасаған адам, жәбірленушімен татуласып, келтірілген зиянды қалпына келтіргеніне қарамастан ҚК-нің 68-бабының талаптары қолданылуға жатпайды.

Мал ұрлығын алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған не ірі мөлшерде жасалған жағдайда мүлкі тәркіленіп, 7 жылға дейін, бірнеше рет жасаған не тұрғын үй-жайдың, кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің, мал қораның, қашаның немесе өзге де қойманың ауласына кірумен жасалған жағдайда 10 жылға дейін, қылмыстық топ жасаған не аса ірі мөлшерде жасалған жағдайда 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Өкінішке қарай, заң қатаңдағанымен, қылмыстық әрекет тыйылмай тұр. Мәселен, өткен жылы Арал аудандық сотының өндірісінде мал ұрлығы бойынша 11 адамға қатысты 4 қылмыстық іс қаралып, айыптау үкімдері қабылданған. Ал, биыл жыл басынан бері, мал ұрлығы бойынша 7 адамға қатысты 3 іс түссе, соның 2 ісі бойынша 4 адамға бас бостандықтарынан айыру жазасы тағайындалған. 3 адамға қатысты 1 іс сотта қаралуда.

Азамат А. бөтеннің малын жасырын жымқырып пайда табу мақсатында, алкогольдік ішімдік ішкен мас күйінде азамат Ж-ның ауласында орналасқан мал қораға заңсыз кіріп, 1 бас қой малын жасырын ұрлаған. Сотталушының қылмыстық әрекеті өзінің айыбын мойындаған жауабымен, жәбірленушінің, куәлардың жауаптарымен, беттестіру хаттамасымен, оқиға болған жерді қарау хаттамаларымен толық дәлелденген.

Сот үкімімен А. ҚК-нің 188-1-бабының 3-бөлігінің 2)-тармағымен кінәлі деп танылып, мүлкін тәркілеусіз, 5 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылды. Сондай-ақ, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен талан-таражға салып, жымқырған, сондай-ақ бөтеннің малын жасырын жымқыру қылмыстарын бірнеше мәрте жасап, қылмыстық әрекеттерімен жалпы жәбірленушілерге 5 850 000 теңге мүліктік шығын келтірген үш азаматқа қатысты қылмыстық іс қаралып, әрқайсысына жасаған әрекеттеріне сай бас бостандықтарынан айыру жазасы тағайындалды.

Қылмыстық заңнамадағы мал ұрлығы бабына берілген ескертпеде мал деп ірі қара мал, жылқылар мен есектер, түйелер, ұсақ мал, шошқалар түсініледі. «Түйе ұрлағанда ұры, түйме ұрлағанда ұры» демекші, көріп отырғанымыздай ұрланған малдар да үлкен-кіші деп бөлінбейді.

Көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтарға келер болсақ, жол-көлік қауіпсіздігін сақтап, ондағы жазатайым апаттан аман болу кез-келгеннің тілегі. Өкінішке қарай, осыны қалайтын жүрегіміз санамызға өз үстемдігін жүргізе алмай қалып жатады. Сондықтан кейде асыққаннан, кейде жауапсыздықтан, енді бірде мас күйінде жол-көлік оқиғасын жасаудан зардап шегіп жатқан да азаматтардың өздері.

Жол-көлік оқиғасы өздігінен туындамайтыны белгілі. Ол жол жүрісі қағидаларының қандай да бір талаптарын сақтамағандықтан болады. Кім қандай көлік мінсе де, бәріне ортақ орындалуға міндетті ереже бар, ол Қазақстан Республикасының бүкіл аумағындағы жол жүрісінің бірыңғай тәртібін белгілейтін «Жол жүрісі қағидалары».

Статистикалық мәліметке сәйкес, Арал аудандық сотында өткен жылы көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша 8 адамға қатысты 8 қылмыстық іс қаралса, биыл жыл басынан бері бұл санатта 4 адамға қатысты 4 қылмыстық іс қаралған.

Қылмыстық заңнамадағы жазасы қатаңдатылған қылмыстар қатарында осы көліктегі қылмыстық құқық бұзушылықтар да бар.

Көлікті масаң күйде басқару қозғалыстың басқа қатысушыларына аса қауіп тудыратын әрекет болып табылады. Осыған орай, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексіне алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде көлік құралын басқарған адамның жол жүрісі немесе көлік құралын пайдалану қағидаларын бұзғаны үшін 345-1 бап бойынша жауаптылық енгізілген.

Осы баптың талабына сәйкес мас күйіндегі адам көлік құралын басқарып, жол қозғалысы ережесін бұзып, абайсызда жәбірленушінің денсаулығына орташа ауырлықтағы зиян келтірген жағдайда он жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырыла отырып, ауыр жаза түрі ретінде 1 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру көзделген.

Жәбірленушінің денсаулығына абайсызда ауыр зиян келген жағдайда он жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырыла отырып, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан шектелуі немесе бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Адам өліміне әкеп соқса он жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырыла отырып, жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан шектелуі немесе бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Ал егер абайсызда екі немесе одан көп адамның өліміне әкеп соққан әрекетті жасаған жағдайда өмір бойына көлік құралын басқару құқығынан айырыла отырып, жеті жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Бұл баппен аудандық сотта өткен жылы 2 адамға қатысты 2 қылмыстық іс қаралса, биыл 1 қылмыстық іс қаралған.

Мысалыға айтар болсақ, аудандық сот үкімімен азамат Ж. ҚК-нің 345-1-бабының 2-бөлігімен кінәлі деп танылып, 10 жыл мерзімге көлік құралын жүргізу құқығынан айыра отырып, 1 жылға бас бостандығынан айыру жазасына сотталды. Ол, өзінің басқаруындағы «Урал» маркалы мотокөлігін алкоголь ішімдігін ішкен масаң күйінде басқарып келе жатырып, мотокөліктің басқару жүйесіне ие бола алмай қалып, өз жолымен келе жатқан Ж-ның мотокөлігіне соққан, соның нәтижесінде мотокөлік жолаушысы жәбірленуші А-ның денсаулығына ауыр зиян келтірілген.

Осы секілді, ҚК-нің 346-бабының 1-бөлігінде көзделген көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған және алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы, сол сияқты көлік құралын басқаруды осындай адамға беру немесе көлік құралын осындай адамның басқаруына жол берушілерге де жаза қатаңдатылған.

Ол үшін кодексте 5 жыл мерзімге дейінгі бас бостандығын шектеу немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыра отырып, өмір бойына көлік құралын басқару құқығынан айыру жазасы белгіленді. Ал аталған жүргізуші көлікті масаң күйде басқарғанымен қатар, бөтеннің мүлкін бүлдіруге немесе жәбірленушінің денсаулығына жеңіл зиян келтіруге әкеп соқса 4 жылдан 6 жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айырыла отырып, өмір бойына көлік құралын басқару құқығынан айырылады.

Өткен жылы аудандық сотта осы баппен 4 іс қаралса, биыл 1 іс қаралып, сот үкімдерімен барлығына көлік құралын басқару құқықтарынан өмір бойына айыра отырып, бас бостандықтарынан айыру жазасы тағайындалған.

«Жол жүрсең, жоралғыңды сақта» деген ата-бабаларымыздың өмірлік қағидасын ұстанып, қара жолдың есерлікті көтермейтінін білетіндей кезге де жеттік. Қандай заң болсын азаматтардың өмірі үшін қабылдануда. Ал, ережеге бағынбай, орны толмас қайғыға ұласқан жол-көлік оқиғасынан жүргізушінің жанын заң жазасынан бұрын, ар жазасы қинайтыны анық. Сондықтан, кез келген іс, мейлі ол қандай маңызды болса да өмірімізге татымайтынын ешқашан есіміздан шығармағанымыз абзал.

**К.СӘДУАҚАСОВА,**
**Арал аудандық сотының төрағасы**

# ОБЛЫСТЫҚ СОТ ТӨРАҒАСЫ ЖАҢАҚОРҒАН, АРАЛ АУДАНДАРЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ЖҮРГІЗДІ

**Қазақстан Республикасы Президенттің «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығын жүзеге асыру аясында Қызылорда облыстық сотының төрағасы Шығамбаев Әділхады Жұмабайұлы облыс әкімімен және құқық қорғау органдары басшыларымен бірге 18 қазан күні Жаңақорған, 27 қазан күні Арал аудандарының тұрғындарымен жеке қабылдау өткізді.**

Ашықтық қағидасына негізделген қабылдауда облыстық сот төрағасы сот жүйесіне қатысты азаматтардың сұрақтарына жауап берді.

Сонымен қатар жеке қабылдауға Жаңақорған аудандық сотының төрағасы Ә.Түбекбаева, Арал аудандық сотының төрағасы К.Садуақасова да қатысты.

Жеке қабылдауда белсенділік танытқан аймақ тұрғындары сот жұмысына қатысты көкейде жүрген сұрақтарына жауап алды.

Жеке қабылдауда негізінен жер, еңбек қатынастарын туындаған даулар, жеке сот орындаушысының әретіне қатысты және медиация бойынша сұрақтар қойылса, азаматтар арасында сот жұмысына ризашылығын білдіргендер де болды.

Алдағы уақытта өңірдің өзге аудандарында да жеке қабылдау жүргізу жоспарланып отыр.

# АЛҚАБИЛЕР СОТЫН ЕНГІЗУ – ОРЫНДЫ ҚАДАМ

**Кез келген адамның құқын әділ қорғау – мемлекеттің міндеті. Оны заң аясында орындау үшін шынайы сот төрелігін жүзеге асыруға ерекше назар аударылады. Осы мақсатта сот ісін алқабилердің қатысуымен жүргізу тәжірибеге енді.**

«Алқабилер туралы» заң қылмыстық сот ісін жүргізуге алқабилердің қатысуына байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін, алқабилердің құқықтық мәртебесін, тәуелсіздігінің кепілдіктерін, олардың қызметін қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды. Мемлекет басшысы алқабилер сотын енгізу қағидатты қадам болды деп атап өтті. Бұл демократияның ажырамас бөлігі ретінде азаматтық қоғам институттарын дамытудағы және адам құқықтарын қорғаудағы жауапты кезеңге айналды.

Одан бері алқабилердің қатысуымен елімізде бірталай істер қаралды. Жалпы, алқаби дегеніміз – соттың қылмыстықісті заңда белгіленген тәртіппен қарауына қатысуға шақырылған және ант қабылдаған еліміздің кез келген азаматы. Сондықтан да алқаби сотын сот төрелігін жүзеге асыруға халықтың қатысуының бір түрі дейміз. Алайда, бұл жай ғана қылмыстық іс жүргізу институты емес, ол ерекше әлеуметтік институт. Алқабилер сотының тәжірибеге енгізілуінің өзі осы елде жарыспалы сот төрелігінің бар екендігін білдіреді.

Алқабилер соты аясында арнайы іріктелген адамдар істің нақты мән-жайларын бағалап, шешім шығарады. Азаматтық қоғам мен мемлекет үшін бұл институттың құндылығы алқабилердің кәсіби судьяларға қарағанда сот қызметіне істі қабылдауда өмірлік тәжірибені, ақиқат пен әдептілікті өзгеше ұғынуында болып отыр. Ресейдің атақты заңгері А.Ф.Конидің айтуынша, алқабилер сотта көріп, естігендері бойынша өздері еркін және тәуелсіз құрған ішкі нанымы бойынша істерді шешеді. Ондай наным оларға істі талқылау барысында ықпал еткен түрлі әсерлер жиынтығын іштей өңдеуден туындайды. Қандай да бір дәлелдемелерге сенуді немесе сенбеуді олардың ар-ұжданы шешеді. Бұл сөздер бүгінгі күні де өзекті болып табылады. Алқаби сотын көп жағдайда «қоғамдық ар-ұждан соты» деп айтады, ол қоғамда ақиқат пен әділеттілік туралы ұғымды дерексіз емес, нақты түсініктер арқылы қабылдап, қолдайды.

Қазақстанда алқаби соты енгізілгеннен бері алты жыл өтті. Осы кезеңде алқаби соттары біршама тәжірибе жинағаны анық. Алқабилердің қатысуымен қаралатын істердің көбеюі оған сенімнің артып отырғанын білдіреді. Сот төрелігінің жаңа институтына қызығушылықтың артуы оның өміршеңдігі мен маңыздылығының белгісі болып табылады. Аймақтар арасында облыстық және оған теңестірілген соттарға баратын сотталушылардың алқаби сотын неғұрлым жиі таңдайтынын ерекше атауға болады. Дегенмен, халық өкілдері қатысатын сотқа қарсы пікір білдірушілер алқаби сотын енгізу әлі ерте, ондай сот біздің менталитетімізге жат деген уәждер келтіреді. Кейбіреулер мұны шығарылған сот шешімінің себептерін заң ғылымына және практикасына ешқандай қатысы жоқ адамдардың соттағы аса күрделі мәселелерді шеше алмайтындығымен түсіндіруге тырысады. Кейде алқабилердің төмен әлеуметтік мәртебесі туралы да айтылып жатады. Бұл пікірлермен бірқатар мамандар нақты келіспесе де, алқабилердің қатысуымен жүргізілетін сот ісін жүргізу әлі толық жетілмегендігін алға тартады. Бірақ, алқаби соты демократияның сөзсіз жеңісі екені, оны барынша қорғау және дамыту керектігі анық.

Қазақстандағы сот реформасының қазіргі заманғы тұжырымдамасы оны ең алдымен, сот жарыспалылығын ынталандыруға, сол арқылы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын неғұрлым пәрменді қорғауға ықпал етуге арналған институт ретінде қарайды. Жалпы, жергілікті халық өкілдері болып табылатын алқабилердің сот шешімдеріне қатысуы, жай қатысып қоймай, олардың шешім шығаруға нақты ықпал етуіне жағдай жасайтын бұл өзгеріс еліміз ұстанған демократиялық қоғам құру талаптарынан туындады.

Алқабилер туралы заң талабы аса ауыр қылмыстарға қатысты қолданылады және де олардың қатысуымен іс тек сотталушының өтініші бойынша қаралады. Бұл заңда нақты көрсетілген. Егер сотталушы бас тартса, қылмыстық іс кәсіпқой судьялардың қарауына алынады. Сондықтан алқабилердің қатысуымен өтетін соттың жетістіктері мен олқы түсіп жатқан жақтары қандай, нендей ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар, судьялар мен мемлекеттік айыптаушылардың, алқабилердің сот барысындағы қарым-қатынасы қандай, алқабилердің қатысуымен өтетін сот процестерін ұйымдастырудағы проблемалық мәселелер қандай деген мәселе жиі көтеріледі.

Алқабилердің қатысуымен өткен сот процестеріне шолу жасасақ, құзырлы органдар жүргізген тиісті тексеруден кейін әрбір алқаби мүшесі сот басталар алдында ант қабылдайды. Олар өздерінің ішкі нанымы бойынша шешім шығарады. Сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге, сотқа қатысушыларға судья арқылы сұрақтар қоюға, сот отырысында істің жария етілген мазмұнымен танысып, түсініксіз мәселелер бойынша сауалдар беруге құқылы. Сот ісінде жариялылыққа, тәуелсіздікке қол жеткізу бағытында дүниеге келген алқабилер институтының ең басты ерекшелігі – олар кеңесу бөлмесінде бірқатар маңызды мәселеге айрықша назар аударады: әрекеттің орын алғаны нақты дәлелденді ме, бұл әрекетті сотталушының жасағаны расталды ма және бұған сотталушы кінәлі ме?

Міне, осы сауалдар арқылы сотталушының кінәлілік дәрежесі анықталып, соған сәйкес айыптап соттауға немесе жауаптан босатуға шешім қабылданады. Ата Заңымызда белгіленген сот тәуелсіздігі, кінәсіздік презумпциясы, тараптардың теңдігі және жарыспалық қағидатын сақтай отырып, ар-ождан таразысы арқылы адамдардың тағдыры шешіледі. Бұл ретте қоғам мүддесін білдіретін алқабилердің моральдық бейнесі кіршіксіз, азаматтық ары таза, адамгершілік ұстаны жоғары болуына баса назар аударылады.

Өкінішке қарай, алқабилер тізімін жасаған кезде құзырлы органдар тарапынан тексеру жұмыстары дұрыс жүргізілмейді. Соның салдарынан олардың қатарына өткен өмірі күмәнді, жауапкершілік жүгін жете түсінбейтін, тіпті тәртіпсіз адамдардың да еніп кеткен фактілерінің бар екенін жасыруға болмайды. Себебі, алқабилер құрамында заңға ешқандай қатысы жоқ адамдардың болғаны жөн.

Алқабилер тізімін жасақтау жергілікті әкімдіктерге жүктелгендіктен, олардың арасына талапқа сай келмейтін адамдар да қоса ілеседі. Сондықтан ол тізімдегі үміткерлерді компьютер арқылы таңдағанда кейбір адамдардың алқаби болып шыға келетіні сөзсіз. Дегенмен, бұл кемшіліктердің бәрі түзелетін, қолдағы іс. Ең бастысы, алқабилер қатысуымен қаралатын сот процестерінің ізгілікті және әділдікті арқау ететіні халыққа үлкен сенім ұялатуы керек.

**Н.МАЖИТОВА**

# ТАТУЛАСТЫРУ РӘСІМДЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

**Неке және отбасы институты кез келген қалыпты қоғамның негізгі тірегі. Неке және отбасы репродуктивтік, тәрбиелік, шаруашылықтұрмыстық және экономикалық функцияларын атқарады. Алайда бүгінгі таңда аталған функциялар іске асырылмайды. Неке өмір бойы әрекет ететін ұзақ мерзімді міндеттеме болып саналмайды.**

Некенің «серіктестік» маңыздылығына қарамастан адамдардың көпшілігі өздерінің міндеттерін атқара алмай, некелерін бұзады. Егер тараптар талқылау немесе келіссөздер өткізу арқылы дауды шеше алмаса, отбасылық дау бойынша талап арызды сотқа тапсыру олар үшін оңтайлы жол бола ма? Неке-отбасы дауларын шешуде балама (оның ішінде татуластыру) әдістерінің тиімділігі қандай?

Сот процесі қанағаттанарлық нәтижеге үнемі жеткізбейді. Оны өткізуге көп ақша және уақыт жұмсалады. Сот талқылауының жарыспалы сипаты тараптардың ойлау бағытын және түпкілікті мақсатын өзгертпейді. Дауларды балама тәсілдермен шешудің маңыздылығы келесіде: татуластыру рәсімдер шығын және уақыт жағынан тиімді, тараптар арасындағы қатынастар және серіктестік сақталады.

Татуластыру рәсімдері – бұл дауларды балама тәсілдермен шешу түрі. ҚР Азаматтық процестік кодексіне сәйкес татуластыру рәсімдеріне қатысатын тараптар медиативтік келісімін, татуласу келісімін және партисипативтік келісімін жасасу, сондай-ақ, басқа тәсілдер қолдану арқылы дауды шеше алады. Үшінші тұлғалар делдал болып тараптарға құқықтық, психологиялық және басқа да көмек көрсетеді. Ал партисипативтік рәсім тәртібімен дауды шешуге делдал болып қорғаушы қатысады. Дауларды балама тәсілдермен шешудің маңыздылығы ҚР Азаматтық процестік кодексінің 17-тарауында көрсетілді.

Татуласу келісімі жөніндегі ұғым ҚР Азаматтық процестік кодексінің 175,178-баптарында көрсетіледі. Ерлі-зайыптылар арасындағы ортақ мүлігін бөлу даулары татуласу келісімін жасасу арқылы тиімді шешіледі. Сот осы мәселені шешуге ерекше назар аударады. Сот талқылауына дайындығын өткізу кезінде татуластыру рәсімдері өзіндік міндетке ие болады.

Сотта бөлек тұратын ата-аналар кәмелетке толмаған балалардың тұрғылықты жерін анықтау дауларын, алимент өндіру жөніндегі дауларын медиативтік келісімдерін жасасу арқылы шешеді. Қамқоршылық және қорғаншылық органы қатысатын сот талқылауы күрделі болғандықтан тараптар дауларын келісімге келу арқылы шешеді. Алайда сонда да келісімге келу рәсімінде тараптардың дауы, мақсаттары емес қамқоршылық және қорғаншылық органының қорытындысы, судьяның ішкі түйсігі маңызды болады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кейбір дауларды реттеу рәсімінде татуласу келісімге келу мүмкіндігі жоқ. Мысалы, әкелікті тану немесе даулау жөніндегі істер. ҚР Жоғарғы сотының 2018 жылғы 29 қарашадағы №16 «Баланың туу тегін анықтауға байланысты істерді қарау кезінде соттардың заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулының 17-тармағына сәйкес әке болуды даулау туралы істер бойынша онда қатынастар субъектісі кәмелетке толмаған бала болатын дау нысанасының негізінде соттың татуласу келісімін, дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді, дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімді бекітуіне жол берілмейді.

Медиативтік келісім жөніндегі ұғым ҚР Азаматтық процестік кодексінің 179,180-баптарында көрсетіледі. Отбасы ішіндегі даулар отбасы мүшелеріне жеке-жеке әсерін тигізеді. Бүгінгі таңда Қазақстанда тіркелетін некелерге қарағанда неке бұзу жағдайлары көбірек болады.

Некелік-отбасылық дауларда ерлі-зайыптылар, олардың балалары, ата-аналар, туысқандар және қамқоршылар субъектілер болады. Мұра, ортақ мүлікті бөлу және баланың тұрғылықты жерін анықтау сияқты даулардың көпшілігі отбасы ішінде шешілмейді. Нәтижесінде дауларды шешу жөніндегі талап арыздар сотқа түседі. Тараптар арасындағы әділдікке, шындыққа сот арқылы жету отбасы ішіндегі қатынастарын бұзады. Алайда, психикалық ауытқулар, тәуелділіктер бар отбасы дауларын үнемі медиация арқылы шешу мүмкін емес.

Дауды партисипативті рәсім тәртібімен шешу ұғымы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 181,182-баптарында көрсетіледі. Дауды партисипативті рәсім тәртібімен шешу қазақстан заңнамасындағы жаңашылық болып табылады. Партисипативтік рәсім тараптардың қорғаушылары арқылы өткізіледі. Оған үшінші тұлғалардың қатысуына мүмкіндік берілмейді. Тараптар қол қоятын жазбаша келісімі негізінде келіссөздерді өткізудің қорытындысы болады. Қорғаушылар тараптарға сотқа жеткізбей құқықтық көмек көрсетеді және дауларды шешуге қатысады.

Отбасы дауларындағы татуластыру рәсімдері дауды соттың қатысуынсыз шешу және жанжалдың себебін анықтаудың тәсілі болып табылады. Татуласу отбасылық дау шешудің рәсімін түрлендіреді және жеңілдетеді, тараптарға келісімге келу, отбасын сақтау мүмкіндігін береді.

Тараптар өз еркімен келісімге келеді және сот олардың келісімін бекітеді. Осы процесте бейтарап үшінші тұлға (партисипативті рәсім тәртібімен шешілетін даулардан басқа) дауласатын тұлғалардың келісімге келуіне септігін тигізеді.

**М. БАТТАЛОВ,**
**судья.**

# ЖАЗА – ТӘРБИЕ КӨЗІ

Тағдыр тәлкегіне түсіп, абақтыға қамалып, айыбын өтеп жатқандар баршылық. Қате қадам жасағанымен, ол да сіз бен біз сияқты адам. Сондықтан жаза басқандарды түзеу, тәрбиелеу қоғам мен арнайы орындардың басты міндеті болып табылады.

Жаза дегеніміз соттың үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттің мәжбүрлеу шарасы. Ол қылмыс жасауға кінәлі деп танылған адамға қолданылады және адамға қылмыстық заңда көзделген құқықтары мен бостандықтарынан айыру немесе шектеу жазасы тағайындалады.

Жазаның мақсаты:

а) әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру. Ол кінәлі адамға жазаны қолдану қылмыстық әрекет жасау нәтижесінде бұзылған жеке және қоғамдық мүдделерді қалпына келтіруді және объектісіне келтірілген зиянды өтеуді білдіреді;

ә) сотталушыны түзеу. Бұл мақсат кінәлінің теріс бағдарын өзгертуге бағытталған. Егер адам басқа жаңа қылмыстар жасамаса және қылмыстық заңның сақталуының қажеттілігін сезіне бастаса, түзеуге қол жеткізеді; б) жаңа қылмыстардың жасалуының алдын алу. Бұған әрбір нақты қылмыс үшін жауапты бекітуді және жаза тағайындау мен оның орындалуын бұлтартпауды қамтамасыз ету арқылы қол жеткізіледі. Жазамен сескендіру адамдардың санасы мен әрекетіне әсер етеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі кәмелеттік жасқа толмағандарға тағайындалатын жазаның жүйесі мен тізімін бекітеді. Оларға: айыппұл, белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары, қамау бас бостандығынан айыру жатқызылады. Сот тәжірибесінде анағұрлым көбірек қолданылатын жазалардың кейбір түрлерін жеке-жеке қарастырайық.

Ең алдымен, айып салу – бұл сот тағайындайтын соманы ақшалай өндіріп алу. Айыппұл салған кезде, адам ақшалай төлемге байланысты белгілі бір материалдық шығынға ұшырайды. Айыппұл жазаның жеңіл түрі және ол айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен жиырма мыңға дейінгі немесе сотталған адамның жалақысының немесе екі аптадан бір жылға дейінгі кезеңдегі өзге де табысының мөлшерінде тағайындалады. Айыппұл тағайындағанда сот жасалған қылмыстың ауырлық дәрежесін және адамның мүліктік жағдайын ескеруі тиіс. Кәмелеттік жасқа толмай сотталған адамға айыппұл дербес табысы немесе өндіріп алуға жарайтын мүлкі болған жағдайда ғана тағайындалады.

Қоғамдық жұмыстарға тарту. Қоғамдық жұмыстар – бұл сотталған адамның оқудан немесе жұмысынан бос уақытында тегін қоғамдық пайдалы жұмыс атқаруы.

Түзеу жұмыстары – бұл сотталған адамды табысының белгілі бір бөлігін мемлекет пайдасына ұстап қалу арқылы еңбекке тарту. Түзеу жұмыстарына сотталған адамның табысынан соттың үкімімен белгіленген мөлшерде, бес пайыздан жиырма пайызға дейінгі шекте мемлекет пайдасына ұстап қалу жүргізіледі.

Қамау – бұл сотталған адамды қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайында ұстау болып табылады, олар жазаны абақтыда өтейді. Қамау бір айдан алты айға дейінгі мерзімге белгіленеді. Қамау кезіндегі оқшаулау, қамаудан да анағұрлым қатаң жаза – бас бостандығынан айыру тағайындалуы мүмкін екендігін еске салуы тиіс. Қамау үкім шығару кезінде он алты жасқа толмаған адамдарға, сондай-ақ жүкті әйелдер мен кәмелеттік жасқа толмаған балалары бар әйелдерге қолданылмайды.

Бас бостандығынан айыру – сотталушыны қоныс колониясына жіберу, жалпы, қатаң, ерекше режімдегі түзеу колониясына немесе түрмеге отырғызу жолымен оқшаулаудан тұрады. Бас бостандығынан айыру кезінде сотталған адамның құқықтық жағдайына шек қойылады. Ол оған шек қоюдан көрінеді. Адам жүріп-тұру еркіндігінен, еңбек қызметін таңдаудан айырылады, өз уақытына билік етуі шектеледі. Бас бостандығынан айыру алты айдан он бес жылға дейін, ал ерекше ауыр қылмыстар үшін жиырма жылға дейінгі мерзімге не өмір бойына белгіленеді.

Жазасын өтеп жатқан әрбір сотталушымен психологтар түйткілді жағдайлардың алдын алу үшін жеке әңгімелесу өткізеді. Сондай-ақ психологтар жаза басқандармен арнайы тренинг өткізуді дәстүрге айналдырған. Олардың көңіл-күйін көтеріп, мінезіндегі эмоционалдық жағдайды төмен түсіру үшін мекемеде жаттығулар, арттерапия амалдарын пайдалану арқылы әртүрлі жағымды іс-шаралар ұйымдастырып отырады.

Ондағы мақсат – жаза басқандарды заңды сыйлап, құрметтеуге үйрету, адамгершілік қағидаларын басты мұрат ету және бостандыққа шыққан соң өмірге қайта бейімдеу. Міне осылайша жаза тағайындалған әрбір адамды заң бойынша жазалай отырып, оны тәрбиелеу әрі өмірге қайта бейімдеу мәселесі де қоса жүргізіледі. Осындай жұмыстардың нәтижесінде көп жағдайда жаза басқан азаматтар өздерінің қылмыс жасағанына өкініп, тағдырға талдау жасап «бұрынғы қателіктерді қалай түзетуге болады?» деп жатады. Осының өзі жаза – тәрбие көзі екенін аңғартса керек

.

**Дәурен ШАДАЕВ,**
**Жалағаш аудандық сотының бас маманы**

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор
**Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы**

**Ақылдастар алқасы:**
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Бас редактор
**Сыдықова Жанар ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ**

Жауапты хатшы
**Зибаш ӘЛИ**
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму минитрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № KZ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджименті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

**Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж**

**Редакцияның мекен-жайы:**
Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі 46/36
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі,4 А үй Телефон: 40-06-68,

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

**Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91**

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 6000 дана**
**Индекс 66503**
**Тапсырыс №1890**

***E-mail:gazeta_eltilegi@mail.ru***
***Электронды нұсқасы: https// ret-gazeta.kz/***